

**Абдигалиева Г.К.<sup>1</sup>, Каипова Ж.Қ.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>филос.ғ.д., профессор, e-mail: g.kanaievna@mail.ru

<sup>2</sup>«Саясаттану» мамандығының магистранты, e-mail: zhanka.02@mail.ru  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**АУҒАН ЕСІРТКІ ТАСЫМАЛЫНЫҢ  
ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ  
АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІНЕ ӘСЕРІ**

Қазіргі таңда әлемдік қауымдастықтың назарын аударып отырған өзекті мәселелердің қатарына заңсыз есірткі саудасын жатқызуға болады. Есірткі тасымалы ұйымдасқан қылмыстың, жемқорлықтың, зорлық-зомбылықтың артуына себеп болып, мемлекеттердің қауіпсіздігіне қатер төндіріп, әлемдік қауымдастықтың дамуына әсер етеді. Ауған есірткі тасымалының мемлекеттік деңгейде емес, аймақтық, халықаралық мәселе ретінде өзекті болуы лаңкестік, экстремизм және діни радикализмнің кең қанат жаюына мүмкіндік беріп отыр. Сол себепті, мақалада ауған есірткі тасымалының алғышарттары, Орталық Азия мемлекеттеріне таралу деңгейі және оған әсер етуші факторлар талданып, аймақтық қауіпсіздікке ауған есірткі тасымалының қатері қандай дәрежеде екені анықталады. Ауған есірткі өндірісінің алғышарттарын қарастыру арқылы мемлекеттің есірткі ошағына айналу себебі, аймақ мемлекеттерін жекелей алғандағы есірткі тасымалының тармақтары және көршілес мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық жағдайына есірткі тасымалының ықпалына талдау жасалады. Зерттеудің тарихи, салыстырмалы, каузалды, ретроспективті әдістері негізінде аймақтағы есірткі тасымалы жағдайына статистикалық сараптама жасалды. Сонымен қатар, автор аймақтық ұйымдардың ауған есірткі тасымалымен күресудегі іс-шараларының маңыздылығын көрсетеді. Зерттеу барысында отандық, ресейлік, ортаазиялық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, аймақтық қауіпсіздік жүйесіндегі ауған есірткі тасымалы жан-жақты көзқарас тұрғысынан қарастырылды. Басты назар ауған есірткі тасымалының аймақтық деңгейдегі мәселеге айналу себебіне әсер етуші факторларға аударылып, аймақ мемлекеттерінің бұл мәселені шешудегі бірлескен іс-әрекеттері нәтижелі болатындығы көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** есірткі тасымалы, ауғандық фактор, аймақтық қауіпсіздік, аймақтық саясат, аймақтық ұйымдар.

Abdigaliyeva G.K.<sup>1</sup>, Kaipova Zh.K.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>doctor of philosophy, professor, e-mail: g.kanaievna@mail.ru

<sup>2</sup>Master's student in «Political science», e-mail: zhanka.02@mail.ru

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

**Influence of the Afghan drug traffic on the system  
of regional security of Central Asia**

Nowadays one of the topical issues the international community faces is illegal traffic in drugs. Transportation of drugs becomes the reason of growth of organized crime, corruption, violence, threatens safety of the states and has an impact on development of the international community. The research of a problem of the Afghan drug traffic is relevant as it constitutes danger not only on a national level, but also at the regional and international levels, promotes distribution of terrorism, extremism and religious radicalism. In this regard, in article prerequisites of the Afghan drug traffic, the level of their distribution in the states of Central Asia and the factors influencing it are analyzed, the degree of threat to the Afghan drug traffic is defined on regional security. On the basis of consideration of prerequisites of the Afghan drug production the reasons of transformation of the state into the center of a narcotium,

a branch of drug traffic in the certain countries of the region and their influence on a social and economic condition of neighboring countries are analyzed. Authors carried out the statistical analysis of a condition of drug traffic in the region on the basis of historical, comparative, causal and retrospective methods of a research. Also authors note importance of holding actions of the regional organizations for fight against the Afghan drug traffic. During the research this problem in the system of regional security is comprehensively considered, works of national, Russian, Central Asian and western researchers are used. Special attention is paid to the factors influencing the reasons of transformation of the Afghan drug traffic into a problem of the regional level, the effectiveness of joint actions of the countries of the region in permission of this problem is noted.

**Key words:** drug traffic, Afghan factor, regional security, regional policy, regional organizations.

Абдигалиева Г.К.<sup>1</sup>, Каипова Ж.К.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>д.филос.н., профессор, e-mail: g.kanaievna@mail.ru

<sup>2</sup>магистрант специальности «Политология», e-mail: zhanka.02@mail.ru

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

### **Влияние афганского наркотрафика на систему региональной безопасности Центральной Азии**

На сегодняшний день одной из актуальных проблем, стоящих перед мировым сообществом, является незаконная торговля наркотиками. Перевозка наркотических средств становится причиной роста организованной преступности, коррупции, насилия, угрожает безопасности государств и оказывает влияние на развитие мирового сообщества. Исследование проблемы афганской наркоторговли является актуальным, так как она представляет опасность не только на государственном уровне, но и на региональном и международном уровнях, способствует распространению терроризма, экстремизма и религиозного радикализма. В связи с этим, в статье анализируются предпосылки афганской наркоторговли, уровень их распространения в государствах Центральной Азии и влияющие на него факторы, определяется степень угрозы афганского наркотрафика на региональную безопасность. На основе рассмотрения предпосылок афганского наркопроизводства анализируются причины превращения государства в очаг наркооборота, ветви наркоперевозок в отдельных странах региона и их влияние на социально-экономическое состояние соседних стран. Авторами проведен статистический анализ состояния наркоперевозки в регионе на основе исторического, сравнительного, каузального, ретроспективного методов исследования. Также авторы отмечают важность проведения мероприятий региональных организаций по борьбе с афганским наркотрафиком. В ходе исследования всесторонне рассматривается данная проблема в системе региональной безопасности, использованы труды отечественных, российских, центральноазиатских и западных исследователей. Особое внимание уделяется факторам, влияющим на причины превращения афганского наркотрафика в проблему регионального уровня, отмечается результативность совместных действий стран региона в разрешении данной проблемы.

**Ключевые слова:** наркотрафик, афганский фактор, региональная безопасность, региональная политика, региональные организации.

### **Кіріспе**

Есірткінің заңсыз өндірісінің артуы мен медициналық емес мақсатта қолданылуы ХХ-ХХІ ғасырлар тоғысындағы өзекті мәселелердің біріне айналды. Бұл барлық мемлекеттерге әсер етіп, көптеген мемлекеттердің экономикасына және миллиондаған адамдардың денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіретін жаһандық мәселе ретінде алдыңғы қатарға шықты. Әлемдік сауда айналымының 10 % тиесілі есірткі саудасы техникалық және қаржылық әлеуеті жоғары жаһандық күшке айналды. Есірткі саудасынан түсіп жатқан ауқымды пайда мемлекеттерге зардабын тигізіп, ұлттық және аймақтық тұрақтылыққа әсер етеді. Қазіргі таңда есірткі өндірісі

мен таралымының үш негізгі халықаралық орталығы белгіленген: Оңтүстік Американың кокаин өндіретін елдерінің «Анд тобы», есірткінің «ауыр» түрлерін (апиын және героин) өндірумен айналысатын Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің «Алтын үшбұрышы» және апиын көкнәрін, үнділік қарасора, гашиш, марихуана өсірумен және өндірумен айналысатын «Алтын жартыай» мемлекеттері, яғни Ауғанстан, Пәкстан, Иран. Әлемдік деңгейде аталған үш орталықтың ішінде «Алтын жартыай» аз уақыт ішінде жетекші орынға ие болды. Ауғанстандағы ұлттық экономиканың құлдырауына әкелген әскери қимылдардың әсерінен және Пәкстан мен Иран шекараларындағы бақылаудың әлсіздігінен «Алтын жартыайдың» әлемдік рөлі

арта түсті (Жмуйда И., Морозова М.). Әлемдік есірткі өндірісінің 90 %-ы тиесілі Ауғанстан есірткі өндіруде жетекші мемлекет болып табылады. Мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың күрделілігі, жұмыссыздық және кедейлік есірткі саудасымен айналысатын тұрғындардың санын күн сайын арттыруда. Есірткі өндірісі елдегі соғыстың және халықаралық терроризмнің басты себепшісі болып табылады. Сонымен қатар, Ауғанстанмен көршілес орналасуына байланысты Орталық Азия мемлекеттері қазіргі таңда басты есірткі транзиттері өтетін аймаққа айналды. Есірткі мәселесі аймақ мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайына ықпал ете отырып, аймақтың дамуына кері әсерін тигізеді. Қазіргі таңда есірткінің заңсыз айналымы Орталық Азия мемлекеттері үшін аймақтық қауіпсіздікпен қоса, ұлттық қауіпсіздіктің қатері ретінде қарастырылады. Географиялық орналасуы жағынан және Ауғанстанмен көршілес болуы аймақты әлемдік есірткі тасымалының эпицентріне айналдырды. Әлемдік заңсыз есірткі саудасының дамуы, аймақтағы есірткі тасымалының тарихи алғышарттары, өткен ғасыр соңындағы жаһандық геополитикалық өзгерістер және Орталық Азия мемлекеттеріндегі саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдай аймақта есірткі тасымалының ушығуына айтарлықтай әсер етті. Есірткінің заңсыз саудасының қазіргі таңдағы жағдайы тек Ауғанстан үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін төнген қауіп болып саналады. Сұраныс болған жағдайда, есірткі өндірісі әрқашан даму үстінде болады. Сол себепті, ауған есірткі тасымалымен күрес нәтижелі болуы үшін халықаралық тәжірибе көрсеткендей, бір мемлекет шегінде ғана емес, аймақ мемлекеттері бірлескен іс-шаралар жүргізгенде ғана нәтижеге жетуі мүмкін. Ең алдымен, есірткі тасымалымен күресте мемлекеттер арасында бірыңғай әдіс қалыптастыру қажет және ортақ құқықтық кеңістік қалыптастыратын заңнамалық базаны жетілдіру қажет. Сонымен қатар, аймақтың шекара мәселесін реттеу, нашакорлықты емдеуге қатысты іс-шаралар жүргізу және халықаралық есірткіге қарсы бағдарламаларға белсенді қатысу есірткі мәселесімен күрестің нәтижелі болуына ықпалын тигізуі мүмкін.

### **Зерттеу жұмысының әдістемесі**

Ғылыми мақаланың тұжырымдамалық-әдіснамалық негіздерін аймақтық қауіпсіздік туралы классикалық тұжырымдамалар, сая-

си өмірдегі ауған есірткі тасымалы аймақтық қауіпсіздікке қатер төндіретін фактор ретінде қарастырылған әлемдік және отандық зерттеушілердің еңбектері құрайды. Жұмыс барысында тарихи бірізділік, жүйелілік, салыстыру, құрылымдық-қызметтік, саясаттанулық талдау жасау, сараптамалық бағалау әдіс-тәсілдері қолданылды. Зерттеудің әдістемесі салыстырмалы және жүйелі, каузалды әдістерге негізделген. Сонымен қатар, зерттеу әдістері ретінде жалпығылыми саналатын ішкі біртұтастық, қисынды бірізділік, хронологиялық және ретроспективті әдістер қолданылды.

### **Нәтижелері және талқылау**

XX-XXI ғасырлар тоғысында есірткі өнімдерінің әлем бойынша және жекелеген мемлекеттерде кең таралуы орын алды. Есірткі мемлекет өмірінің барлық саласына әсер ете отырып, мемлекет тәуелсіздігін, демографиялық жағдайды, саяси, әлеуметтік-экономикалық саланы дағдарысқа ұшыратып, есірткі өндірісі мен тасымалының құрбаны болған мемлекет ретінде Ауғанстан алдыңғы қатарға шықты. 1970 жылдардың аяғынан бастап әлемдік нарықта апиын өндіруде Ауғанстанның рөлі айқын көріне бастады. 1980 жылдары елдегі орын алған жағдайға байланысты мемлекеттік шекараларды қорғау, заңды салық салу жүйесін, капитал айналымын реттеу, кедендік тауар айналымын қадағалау мүмкіндігі болмады. Мемлекеттік жүйенің әлсіздігі елді есірткі өндірісі мен тасымалының нағыз орталығына айналдырды. Сонымен қатар, Ауғанстанның географиялық орналасуы қылмыстық бизнеске араласуының басты себебі болды. Мемлекет Парсы шығанағынан халық тығыз орналасқан Үндістан субконтинентіне және Оңтүстік Азиядан Орта Азия арқылы Ресей шекарасына дейінгі стратегиялық маңызы бар көлік артерияларының қиылысында орналасқан. Орта Азия мен Ауғанстанның географиялық окшаулануы әлемдік экономикаға әлсіз интеграциялануына әкелді. Бұл дамыған елдерге есірткінің заңсыз өндірілуі мен тасымалдануы үшін оларды арзан жұмыс күшіне айналуын қамтамасыз етті. Мемлекеттегі суландыру жүйесінің бүлінуі, дәстүрлі ауыл шаруашылығының құлдырауы есірткінің заңсыз өндірісінің дамуына себеп болды (Абдуллаев К., 2004:166). Елдегі экономиканың дамуы мен дәстүрлі ауыл шаруашылығының күйреуіне әкелген азамат соғысы, апиын көкнәрін өсіруде мемлекет тарапынан қадағалаудың бол-

мауы 1990 жылдары апиын көкнәрін өсіру және апиын өндіру бойынша Ауғанстанның жаһандық деңгейде басты орталыққа айналуына себеп болды. Нәтижесінде, апиын өндірісі қарсылас тараптардың әскери қимылдарына қажеттіліктерін қамтамасыз етуші және халықтың күнкөріс деңгейін өтейтін басты табыс көзіне айналды. Апиын көкнәрі көбінесе салыстырмалы перифериялық, экономикалық артта қалған және қауіпсіздік мәселесі ушыққан аудандарда өсіріледі, мұнда заңды нарыққа қол жеткізу қиын, ал ақшалай табыстың баламалы көздері жоқ немесе өте аз. Мемлекетте есірткі өндірісін алмастыратын баламалы табыс көзінің болмауы, экономикалық дамуының төмен деңгейі, алдымен ұлттар арасындағы, содан кейін талибтер мен коалициялық күштер арасындағы әскери қақтығыстардың жалғасуы есірткі өндірісінің дамуына өз үлесін қосты. БҰҰ ЕҚБ сарапшыларының пікірінше, Ауғанстандағы есірткі «серпілісінің» басты себептері: біріншіден, экономиканың құлдырауы, яғни, импорт пен сырттан келетін қаржылай қолдауға тәуелді экономика, дамымаған инфрақұрылым. Екіншіден, есірткі өнімдері мен ауылшаруашылық өнімдері бағасы арасындағы он есе үлкен айырмашылық және ауа-райының жағдайына негізделген ауыл шаруашылығы (Князев А.А., 2003:7).

Сонымен қатар, апиын көкнәрі үшін егістік алқаптарының кеңеюі және апиын экспортының ұлғаюы 1979-1989 жылғы соғыс кезіндегі қарсыласу қозғалыстарымен тығыз байланысты болды. 1989 жылы 15 ақпанда мемлекеттен Кеңес әскері шыққаннан кейін, азамат соғысы қайта басталып, Ауғанстанның аграрлық секторы толық күйреді. Ауылшаруашылық жерлер қолданыстан шығып, құр шөлге айналды, жер суару жүйесі жойылды. Сонымен қатар, 1990 жылдары Ауғанстанда көп жылға созылған құрғақшылық орын алуына байланысты, апиын көкнәрін егу қажыған шаруалар үшін тығырықтан шығудың бір ғана жолы болды. Тағы бір айта кететін мәселе, көкнәр және каннабис Ауғанстан территориясында өте ерте заманнан бері өсіріледі. XX ғасырдың 60-жылдарына дейін көкнәр мал азығы ретінде қолданылып, тұқымынан сабын қайнатып, сабағынан бояғыш заттар жасаған (Коргун В.Г., 2006:56).

2000 жылдары Ауғанстанда есірткі өндірісінің толық кезеңі орын алды – көкнәр өсіруден бастап, апиынның морфин және героинға айналуына, есірткінің қоймаларда көп мөлшерде сақталып, олардың жергілікті, аймақтық және

аймақаралық, трансшекаралық деңгейдегі сатылымына дейін толық үрдіс орын алды. XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында Ауғанстандағы апиын өндірісі жоғарылады, ал оның ортақ деңгейі мемлекетті талибтер басқарған кезеңге қарағанда біршама артты. Көкнәр өсіру мен апиын өндірісінің өсу деңгейі бірқалыпты емес, көбінесе циклды болады: 2000 жылдардағы көкнәр егістіктері мен апиын өндірісінің ауқымды кеңеюі 2008-2009 жылдары қысқа мерзімге төмендеді. Дегенмен, бұл жерде есірткі өндірісінің динамикасы емес, оған әсер етуші факторлар маңызды болып табылады (Drug Use in Afghanistan: 2009).

**1-кесте** – 1994-2017 жылдар аралығындағы апиын өндірісі бойынша жалпы көрсеткіш

| Жылдар | Егістік алқаптары (га) | Апиын өндірісі (т) |
|--------|------------------------|--------------------|
| 1994   | 71000                  | 3416               |
| 1995   | 54000                  | 2335               |
| 1996   | 57000                  | 2248               |
| 1997   | 58000                  | 2804               |
| 1998   | 64000                  | 2693               |
| 1999   | 91000                  | 4565               |
| 2000   | 82000                  | 3276               |
| 2001   | 8000                   | 185                |
| 2002   | 74000                  | 3400               |
| 2003   | 80000                  | 3600               |
| 2004   | 131000                 | 4200               |
| 2005   | 104000                 | 4100               |
| 2006   | 165000                 | 5300               |
| 2007   | 193000                 | 7400               |
| 2008   | 157000                 | 5900               |
| 2009   | 123000                 | 4000               |
| 2010   | 123000                 | 3600               |
| 2011   | 131000                 | 5800               |
| 2012   | 154000                 | 3700               |
| 2013   | 209000                 | 5500               |
| 2014   | 224000                 | 6400               |
| 2015   | 183000                 | 3300               |
| 2016   | 201000                 | 4800               |
| 2017   | 328000                 | 9000               |

*Дерек көзі:* Afghanistan Opium Survey 2017. Cultivation and Production // URL: [https://www.unodc.org/documents/cropmonitoring/Afghanistan/Afghan\\_opium\\_survey\\_2017\\_cult\\_prod\\_web.pdf](https://www.unodc.org/documents/cropmonitoring/Afghanistan/Afghan_opium_survey_2017_cult_prod_web.pdf).

2001 жылы өндіріс көлемінің күрт төмендеуі талибтер тарапынан қойылған шектеуге байланысты болды. Бұл шектеу екі бағытты көздеді: біріншіден, «Талибан» әкімшілігінің халықаралық мойындауға қол жеткізуге тырысқан уақытта жасалған насихаттық қадамы болды, екіншіден, әлемдік нарыққа героин жеткізуді күрт төмендету арқылы, олар бағаны тез көтерді, сол себептен ескі қорларды тиімді сатуға мүмкіндік болды. Жарты жыл уақыт ішінде апиын бағасы он есе жоғарылады. 2001 жылдың соңына қарай 2000 жылғы жиналған өнімнің үштен бір бөлігі де болмады.

БҰҰ сарапшыларының пікірінше, 2005 жылы апиын көкнәрі егістіктерінің қысқару себептері келесідей факторлармен түсіндіріледі: Хамид Карзай әкімшілігінің апиын өндірісіне қатысты белсенді насихат жүргізу әрекеттері; заңнамалық базаның күшеюі және есірткіге қарсы азаматтық және діни шектеулердің енгізілуі («фетва»). Көкнәр плантацияларын жою бағдарламалары және бекітілген заңдардың жүзеге асуының орын алуы халық санасында үрей туғызды. Сонымен қатар, ішкі нарықтағы бағаның төмендеуі белгілі бір деңгейде апиын өндірісінің төмендеуіне әкелді (Смагулов А.Д., 2010:327).

2007 жылы апиын экономикасының және апиынды қайта өңдеудің жоғарғы нәтиже көрсетуінен кейін 2008-2009 жылдары көкнәр егістіктерінің алқабы қысқарды, бірақ ол талибтер билігі кезіндегі ең жоғарғы көрсеткішпен (1999 жылы – 91000 га) салыстырғанда, 35 %-ға жоғары. 2008-2009 жылдардағы уақытша төмендеуі нарық жағдайының жаһандық, аймақтық және жергілікті деңгейлерде төмендеуі нәтижесінде орын алды. 2008 жылғы әлемдік дағдарыс салдарынан шаруалардың астық дақылдарын егуі, әсіресе бидай, қысқа мерзімге болса да орын алды. Бұл жағдайдың әсерінен бидай бағасы көтеріліп, апиын бағасы төмендеген болатын, бірақ бұл жағдай есірткі алқаптарының жойылуына әсер етпеді.

2017 жылғы потенциалдық өсім егістік алқаптарының ұлғаюымен түсіндіріледі, сәйкесінше жиналған өнім де көп болды. 2016 жылы елдің 7 провинциясында егістік алқаптарын жою жұмыстары жүргізіліп, 355 га алқап жойылды. Ал, 2017 жылы 750 га егістік алқабы жойылып, бұл шара 14 провинцияда жүргізілгеніне қарамастан, егістік алқабы 328 мың га-ны құрады. Соған қарамастан 2017 жылы қазіргі күнге дейін болмаған көрсеткіш орын алып,

әлемдік қауымдастық тарапынан алаңдаушылық тудырды (Afghanistan Opium Survey, 2017).

Ауған есірткі тасымалының басты дәстүрлі бағыттары батыс және оңтүстік болып табылады. 1990 жылға дейінгі кезеңде есірткінің 60 %-ы оңтүстік бағыт бойынша тасымалданса, барлық есірткі экспортының 7 %-ы батыстық бағытқа тиесілі болды. Дегенмен, КСРО-ның ыдырауы жаңа тәуелсіз мемлекеттер территориялары арқылы Түркияға, Еуропаға және АҚШ-қа есірткі тасымалының дамуына үлес қосқан жаңа солтүстік бағыттың қалыптасуына әкелді. БҰҰ-ның сарапшыларының деректері бойынша, қазіргі таңда солтүстік бағыт арқылы 65 % апиын және 80 % героин тасымалданады. Бұл өз кезегінде, есірткі тасымалының аймақтық деңгейдегі жағдайын сипаттайды.

1990 жылдардың басында ТМД-ның жаңа құрылған мемлекеттері арасындағы шекаралық қадағалауды қамтамасыз етудің әлсіздігі заңсыз есірткі тасымалының дамуына әсер етті. Алайда, есірткі тасымалы мемлекет шекараларының қандай жағдайда екеніне қарамастан, жаһандық мәселе ретінде қазіргі таңда бірінші орынға шығып отыр. Есірткі экспансиясының құрбандары ретінде территориясы арқылы маршрут өтетін барлық мемлекеттер саналады.

Орталық Азиядағы заңсыз есірткі айналымының даму тарихы XIX ғасырдан бастау алады. Бұл жағдайды Түркістан өлкесіндегі (қазіргі Қырғызстан территориясы) ұйғыр және дүнген диаспораларының Қытаймен саудаттық жасау үшін апиын көкнәрін өсіруімен тікелей байланыстырады. XIX ғасырдың соңында апиын мен гашиштың контрабандалық айналымы 100 т-дан асып түсті. Сауда-саттық көлемін тек репрессия көмегімен апиынға мемлекеттік монополия жариялаған кеңес билігі тұсында ғана қысқарту мүмкін болды. Өткен ғасырдың ортасына қарай апиын шаруашылығы Қырғызстанның 64 мың га көлемдегі апиын егістігін біріктірген 98 совхоз бен колхозында дамыды. Олар заңды апиын өндірісі көлемінің мемлекеттік деңгейдегі 80 %-ына, әлемдік деңгейдегі 16 %-ына ие болды. Қатаң қадағалау шараларына қарамастан, әр гектардан 5-10 кг көлемінде апиын ұрланып отырды. Оның коммерциялық бағасы 1500 рубль, өткізу бағасы 13 рубль 50 тиынды құрады. 1974 жылдың сәуір айынан бастап Қырғызстанда апиын көкнәрін заңды түрде өндіру тоқтатылды. Сонымен қатар, 1965 жылға дейін Қырғызстанда өнеркәсіптік мақсатта қарасора өсірілсе, біраз уақытқа дейін

медициналық мақсатта эфедра дайындалатын (Olcott M.B., Udalova N.:8

XX ғасырдың 90-жылдарына дейін Орталық Азиядағы заңсыз есірткі айналымы өзінің жеке шикізат базасына негізделген – жабайы апиын көкнәрі және үнділік қарасора. КСРО ыдырағаннан кейін, бір жағынан, мемлекеттік қадағалаудың әлсіреуінен, екінші жағынан Ауғанстанның есірткі контрабандасының дамуынан есірткінің сауда-саттық көлемі ұлғайды.

Ауғанстаннан Орталық Азияға қарқынды есірткі контрабандасының басталу үрдісі өткен ғасырдың 90-жылдарына сәйкес келеді және үш негізгі фактор себеп болды:

- Ирандағы заңсыз есірткі саудасымен күрестің күшеюі;
- КСРО-ның ыдырауы;
- Тәжікстандағы азамат соғысы.

Ирандағы заңсыз есірткі саудасымен күрестің күшеюі есірткі тасымалындағы дәстүрлі батыс бағыттың рөлінің төмендеуіне әкелді. 80-жылдардың басынан бастап Иран заңсыз есірткі айналымымен күресті күшейтті. Транзиттің басты маршруттарына қарудың ауыр түрлерімен жабдықталған полиция сақшылары тұрғызылды және инженерлік тосқауыл жүйесі құрылды. Бір уақытта осы бағытта жұмыс жасайтын арнайы құрылымдар күшейтіліп, заңсыз есірткі айналымы саласындағы заңнама қатаң қадағалауға алынды. 1989 жылдан бастап мемлекетте 30 г героин және 5 кг-дан астам апиын тәркіленген адамдар өлім жазасына кесілетіні туралы ескертулер айтыла бастады. Иран тарапынан жүргізілген шаралар территориясы арқылы өтетін есірткі ағынын біршама қысқартты. Бұл өз кезегінде дәстүрлі батыс бағыттың рөлінің төмендеп, өндірісі күн сайын дамып жатқан апиын мен героинді өткізудің жаңа арналарын іздеуге ынталандырды. Жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы есірткі контрабандасының қауіпсіз маршруттарының пайда болуына әкелді. Иран арқылы өтетін батыс бағыт жабылып, оңтүстік бағыт бойындағы әскери іс-қимылдардың күшеюі ауған есірткі өнімдерінің солтүстік бағыт арқылы тасымалдануына түрткі болды. БҰҰ-ның сарапшыларының деректері бойынша, Ауғанстаннан солтүстік бағыт арқылы 65 % апиын және 80 % героин тасымалданады. Сонымен қатар, Пәкстан мен Үндістан заңсыз есірткі саудасына қарсы күресті күшейткеннен кейін солтүстік бағыттың рөлі арта түсті.

Посткеңестік кеңістіктегі есірткі тасымалының дамуына қарсы әрекет ету жүйесінің

құлдырауы аймақ елдері арқылы есірткі тасымалының ұлғаюына әсер етті. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін қауіпсіздіктің біртұтас жүйесі күйреді, ал ыдырау үрдісінің жылдам болуы жаңа тәуелсіз мемлекеттер үшін ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік бермеді. Ұлттық кедендік құрылымдар қалыптасқанша, яғни 1993-1994 жылдарға дейін ішкі шекараларда қадағалау болмады. Ағымдағы жағдай заңсыз есірткі тасымалын қолдайтын қылмыстық топтар мен криминогендік аймақтардың көптеп құрылуына ықпал етті.

Тәжікстандағы азамат соғысы ТМД-ның оңтүстік шекарасындағы жағдайларға әсер етті. 1991-1993 жылдары Таулы Бадахшан автономиялық облысындағы шекаралық қадағалау мүлдем әлсіреді. Тәжікстанда әскери қимылдар басталғаннан кейін 40 мыңдай адам Таулы Бадахшан автономиялық облысына қоныс аударды. Облыстағы халықтың өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуі ашық жатқан тәжік-ауған шекарасында есірткі саудасымен айналысуға итермеледі. Дәл осы аймақ бойынша заңсыз есірткі тасымалының негізгі бағыты салынды. Хоруг-Ош тас жолымен апиын Ферғана алқабына, одан кейін Қырғызстан, Өзбекстан, Қазақстан арқылы Ресейге және Еуропа елдеріне жеткізілді (Kego W., Hedlund M.).

Ауғанстанмен шекаралас Орталық Азия мемлекеттері арқылы өтетін транзит есірткіні Ресейге, Балтық елдеріне және ары қарай Еуропаға экспорттауға мүмкіндік береді. Ауғанстан мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы шекараның таулы аймақта орналасуы, оның дұрыс қорғалмауы есірткі тасымалының аймақ мемлекеттеріне таралуының тағы бір себебі. Сарапшылардың пікірінше, аз уақыт ішінде бұл бағыт әлемдегі ең белсенді бағытқа айналды. Бұл қорытынды аймақтағы есірткі заттарының өсу динамикасымен расталады. БҰҰ сарапшыларының пікірінше, Орталық Азия мемлекеттері арқылы 120 т героин түрінде есірткі өнімдері тасымалданады.

Ауғанстан есірткі заттарының көп бөлігі елден тыс жерде сатылады, яғни транзиттік елдерде шоғырланады. Ауған есірткі өнімдерінің шамамен жартысы Еуропаға Иран және Пәкстан арқылы тасымалданады, 35 % Өзбекстан және Түркменстан арқылы, ал қалған бөлігі Тәжікстан арқылы. Ауған есірткі өндірісінің жағдайы және Орталық Азия мемлекеттеріне таралуы ресейлік зерттеуші А.А. Князевтің мақалаларында көрініс табады.

2004 жылдан бастап Орталық Азия мемлекеттері территориясына жақын Ауғанстанның солтүстік провинцияларында апиын көкнәрін егу көлемі арта бастады. Героин өндіретін зертханалардың да көп бөлігі осы аймақта іске қосылды. Мысалы, соңғы кезге дейін солтүстік бөлікте орналасқан провинциялардан тек Бадахшанда ғана апиын өсірілетін. Алайда, 2003-2004 жылдары солтүстік провинциялардың барлығында апиын өсіру басталды, ал Бадахшанда 2003 жылы есірткі заттарын егетін алқаптар 55 %-ға ұлғайған. Орталық Азия мемлекеттерінің шекараларына жақын аймақта егістік алқаптарының ұлғаюы, зертханалар санының көбеюі аймақ арқылы есірткі контрабандасы көлемінің шамадан тыс артуына себеп болды. Аймақ мемлекеттері ішінде Тәжікстан Республикасы солтүстік бағыт арқылы есірткі тасымалы жолындағы басты арна болып табылады. Геополитикалық орналасуы жағынан мемлекет территориясы ТМД және Еуропа мемлекеттеріне тасымалданатын есірткі транзитінің тоғысында орналасқан. Ауғанстаннан Тәжікстанға есірткі тасымалдайтын 5-6 бағыт салынған (Искандаров К., Назаров Н., 2004:28).

Есірткі тасымалы тек Тәжікстан территориясы арқылы ғана емес, Өзбекстан арқылы да жүзеге асады. Өзбек-ауған шекарасының жалпы ұзындығы 137 км, бірақ күрделі географиялық жағдайлар Термез қаласы маңында жаңа «бағыттың» пайда болуына әсер етті. Термез қаласы жанындағы шекаралық бөлімшені қадағалау жер бедері жағдайына байланысты өте қиын және тек жергілікті тұрғындарға ғана белгілі жүздеген таулы қыраттар бар. Термездік «бағыт» Орта Азияның бұрынғы кеңестік республикаларына ауған героиннің тасымалдаудағы ең қысқа жол болып саналады. Термезден басталатын героин тасымалы Карши, Бұхара, Үргенш арқылы Қарақалпақстан астанасы Нүкіске, ары қарай Қазақстан мен Ресейге жөнелтіледі. Өзбекстанның заңсыз есірткі айналымындағы келесі қауіпті аймақ – Әндіжан облысы (Князев А.А., 2010:19).

Тәжікстан территориясында солтүстік бағыт тоқтап қалмайды. Мысалы, Тәжікстаннан есірткі әуе жолы арқылы Ресейге жіберілуі мүмкін. Бірақ, көп жағдайда есірткі сатушылар тауарды қырғыз территориясына, Өзбекстанға, Қазақстанға бағыттайды. Қазақстан мен Ресей арасындағы шекара саяси-географиялық тұрғыдан ешқандай ерекшелігі жоқ бірегей шекара. Ұзындығы жағынан әлемдегі ең ұзын құрлықтық шекара болып табылады. Есірткі саудасымен

күрес жүргізетін ұлттық және мемлекетаралық құрылымдар екі мемлекет арасындағы шекараны ең негізгі «қауіпсіздік белдеуі» ретінде қарастырады. Өйткені, Ауғанстаннан Ресей мен Еуропаға тасымалданатын есірткінің «ауыр» түрлерін ұстауға мүмкіндік көп. Қазақстандық сарапшылардың дерегі бойынша, мемлекетте ауған есірткі өнімдерінің 30 %-ы қалады, сәйкесінше қалған 70 %-дың басым бөлігі Ресей территориясына тасымалданады. БҰҰ ЕҚБ-ның «Нашақорлық, қылмыс және көтерілістік қозғалыстар: Ауғанстан апиыны транзитінің қатері» атты баяндамасының деректері бойынша, Ресейге түсетін есірткі өнімдерінің ең көп бөлігі (жылына 50 т) Қазақстан территориясы арқылы өтеді.

Ресей Федерациясының есірткі айналымын қадағалау бойынша федералдық қызметінің мәлімдеуінше, Ресейде тұтынылатын жыл сайынғы таза героин 10 т-ға тең, ал, солтүстік бағыт бойынша тасымалданатын есірткінің қалған бөлігі Орталық Азия мемлекеттерінде қалып қояды. 2009 жылғы БҰҰ ЕҚБ-ның деректері бойынша, экспортқа шығарылған 365 т ауған героинінің 25 %-ы, яғни 90 т, Орталық Азия мемлекеттері арқылы солтүстік бағыт бойынша тасымалданған. Ресей нарығына түсетін героин көлемі 75-80 т-ны құрайды (Кулагин А.И., 2016).

Аймақ мемлекеттері арасында есірткі тасымалы әлеуметтік-экономикалық, саяси өміріне әсер еткен келесі мемлекет – Түркменстан. Есірткі тасымалында солтүстік бағыт бойынша маңызды орынға ие болмаса да, балқандық бағыттың жүкті ауыстырып тиейтін ірі пункті болып саналады. Мемлекеттің орналасу жағдайының бірегей болуы, Ауғанстан және Иранмен шекарасының айтарлықтай ұзындығы территориясы арқылы дәстүрлі батыс бағыттың қосымша тармағы өтуіне мүмкіндік берді. 1992-1999 жылдар арасында түркмен-ауған және түркмен-иран шекарасын қорғаған ресейлік шекарашылардың елдеріне оралуы есірткі тасымалын ушықтырып жіберді. Дегенмен, Гурбангулы Бердымухамедов билік басына келген соң, есірткі тасымалымен күрес және шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласы бірқатар өзгерістерге ұшырады. 2008 жылы Ауғанстан мен Иран шекаралары арқылы тасымалданатын есірткі өнімдеріне қарсы күресті күшейтуге қатысты Түркменстан және БҰҰ ЕҚБ тарапы өзара келісімге келді. Бұл бастаманың жүзеге асуының нәтижесінде есірткі өнімдерін қадағалау бойынша Агенттік құрылып, тәркіленген есірткі көлемі артты және Ауғанстанмен, Иранмен

трансшекаралық ынтымақтастық күшейді. 2008 жылы БҰҰ-ның есірткі өнімдері бойынша Комиссиясы Түркменстанның есірткі тасымалымен күресудегі әрекетін жоғары бағалап, бұл мәселені шешудегі жетекші рөлге ие болғанын атап өткен болатын (*Caspian Sea and Turkmen Border Initiatives*, 2012). 2010 жылы Түркменстанның бұқаралық ақпарат құралдары есірткі контрабандасында күдікті адамдарды телевизиялық жаңалық бағдарламалардан көрсете бастады, ал президент Гурбангулы Бердымухамедов мемлекеттік шенеуніктерге есірткімен күресу шараларының нәтижесін арттыру қажет екенін жеткізді. Алайда, 2013 жылдың басына қарай шекаралық қауіпсіздік саласындағы жағдай біраз өзгеріске ұшырап, түркмен билігіне қосымша шекара бөлімшелерінің көмегімен жағдайды тұрақтандыруға тура келді. Соған қарамастан, Орталық Азия мемлекеттері арасында есірткі саудасына қарсы күресте айқын жетістіктерге жеткен мемлекет – Түркменстан. Ауғанстан мен Түркменстанның көршілес болуына, ұзын және ыңғайлы шекара жағдайына қарамастан қазіргі таңда Түркменстан территориясы арқылы 5 % көлемінде есірткі тасымалданады. Түркменстан президенті Гурбангулы Бердімұхамедов Орталық Азия мемлекеттері президенттері арасындағы шын мәнінде есірткінің заңсыз тасымалымен күрес жүргізген тұлға болып саналады (*Афганский наркотрафик: состояние границ Афганистана Совместная российско-американская рабочая группа по афганскому наркотрафику*)

Аймақтағы есірткі өндірісінің дамуымен қатар, ортаазиялық мемлекеттердің қылмыстық-саяси үрдісінде ұйымдасқан қылмыстық топтардың есірткіден түскен қаржыны өздерінің заңсыз қызметтеріне жұмсайтын исламдық радикалдық топтармен өзара әрекеті күшейген. Бұл үрдіс аймақтық қауіпсіздікке айтарлықтай қауіп төндіреді деп айтуға болады. Мысалы, А.Л. Зеличенконың пікірінше, 1999-2000 жылдардағы Баткен оқиғалары, яғни Өзбекстан Ислам қозғалысының заңсыз қаруланған топтарының Қырғызстан территориясына басып кіруі, есірткі өндірісін, тасымалын барлауға арналған (Зеличенко А.).

Ауған есірткі өндірісі және тасымалы әлемге және Орталық Азия мемлекеттерінің тұрақтылығына қауіп төндіретін басты фактор. Ауғанстаннан төнетін қауіпті ескере отырып, Орталық Азия мемлекет басшылары есірткі тасымалымен күресуде ортақ іс-шаралар жүргізуді бастаған болатын. 2014 жылғы 31 мамырда Душанбеде Ауғанстан, Қырғызстан және Тәжікстан

мемлекеттерінің есірткіге қарсы ведомство басшыларының үшжақты кездесуі өтті.

Есірткі тасымалы мәселесінің аймақ мемлекеттеріне қатері ушығып тұрған жағдайда мемлекет-тараптар (Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Әзірбайжан, Тәжікстан, Түркменстан, Өзбекстан) есірткіні қадағалау саласындағы аймақтық ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік Меморандумын бекітті. БҰҰ ЕҚБ тарапы Орталық Азиядағы есірткі өнімдерінің, психотроптық заттардың және оның прекурсорларының заңсыз айналымымен күрес бойынша өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығын (ЦАРИКЦ) құру идеясын қолдады. ЦАРИКЦ құру БҰҰ ЕҚБ-ның есірткі саудасымен күресудегі ауқымды жобасы болып табылады. Жобаның басты мақсаты мүше-мемлекеттердің құзыретті органдарының трансұлттық есірткі қылмысына қарсы әрекеттерін үйлестіру. Негізгі міндеттері: заңсыз есірткі айналымына қарсы күрестегі халықаралық операциялардың жүргізілуін реттеу, заңсыз есірткі айналымына қатысты трансшекаралық қылмыс бойынша ақпараттарды сақтау, жинақтау, қорғау және алмасу. ЦАРИКЦ статистикасы бойынша, 2016 жылы мүше-мемлекеттерде есірткіге қатысты қылмыс саны біршама жоғарылаған.

Ауған есірткі өнімдерінің заңсыз саудасымен күресуде БҰҰ ЕҚБ-ның аймақтық жобалары үлкен рөл атқарады. Бағдарламалар үш басты бағытты негізге ала отырып жұмыс жасайды: саясатты қолдау және заңды жүзеге асыру; есірткінің заңсыз айналымына жол бермеу; есірткіге сұранысты төмендету. GLO/F46, RER/N36, RER/F43, RER/F60 атты бағдарламалар аймақтық деңгейдегі есірткі тасымалымен күресте айтарлықтай нәтижеге жетті (Инфографика по официальному данным ЦАРИКЦ за 2016-2017 гг.)

Орталық Азия мемлекеттерінде есірткі тасымалының дамуы аймақтың геосаяси орналасуына тығыз байланысты. Сол себепті аймақ елдері бұл сұрақты шешу мақсатында бірлесе әрекет ету қажет деп санады. Халықаралық аймақтық деңгейдегі ұйымдар Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы және Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында есірткі тасымалымен күресуге қарсы көптеген іс-шаралар жүргізіліп келеді. ҰҚШҰ-ның мақсаты бейбітшілікті, халықаралық және аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту болғандықтан, есірткі мәселесі қауіпсіздіктің басты қатері ретінде саналып, ұйымның бұл мәселедегі атқарып жатқан іс-шаралары бірқатар нәтижелерге қол



жеткізді. Ал, ШЫҰ-ның аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі басты бағыттары лаңкестікке, экстремизмге, сепаратизмге және заңсыз есірткі тасымалына қарсы күреске негізделіп, ұйым аясында есірткі мәселесіне қатысты стратегиялар, бағдарламалар қабылданды.

Орталық Азияның оңтүстік бөлігіндегі тұрақсыздық ҰҚШҰ мүше-мемлекеттер қауіпсіздігіне әсер ететін басты фактор ретінде қарастырылады. ҰҚШҰ Жарғысының 8 бабында мүше-мемлекеттер халықаралық лаңкестікпен, экстремизммен, есірткі өнімдерінің және психотроптық заттардың заңсыз айналымымен, ұйымдасқан трансұлттық қылмыспен, заңсыз көші-қон мәселелерімен және мүше-мемлекеттердің қауіпсіздігіне қатер төндіретін басқа да мәселелермен күресте бірлесе әрекет етеді деп айтылған.

ҰҚШҰ мүше-мемлекеттер территориясына есірткі өнімдерінің үлкен көлемде тасымалдануы ұйым тарапынан бірлескен іс-шаралар жүргізуге себеп болды. Ауғанстаннан Орталық Азияға және Ресейге төнетін қауіп-қатермен күресудің ҰҚШҰ шеңберіндегі 4 басым бағытын көрсетуге болады. Бірінші бағыт – ҰҚШҰ мүше-мемлекеттерімен ауған билігі арасындағы өзара әрекеттестік, мемлекеттегі тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін Ауғанстанға көмек көрсету, әлеуметтік және экономикалық жобаларды жүзеге асыру. 2011-2013 жылдары ҰҚШҰ мүше-мемлекеттері ауған билігіне әскери күш-жігерді нығайтуға көмектесті. 2006 жылдан бастап Қазақстан, Ресей және Тәжікстан әскери мамандарды дайындауды қолға алған. Ресейде Ауғанстанның және Орталық Азияның есірткіге қарсы құрылымдарына мамандар дайындау қазіргі күнге дейін жалғасуда. Келесі басым бағыт – ҰҚШҰ мүше-мемлекеттерінің шекараларын қорғау мәселесі. Қазіргі таңда бұл мәселенің маңызы өте зор. Ауған-тәжік шекарасындағы әскери қақтығыстардың және есірткі мәселесінің ушығуы бірлесе жұмыс жасауды талап етеді. Үшінші бағыт халықаралық аренадағы ауған мәселесін реттеудегі ұйымның жұмысын үйлестіруге арналады. ҰҚШҰ-ның күш әлеуетін нығайту, жедел әрекет етудегі ұжымдасқан іс-шараларды жетілдіру төртінші бағыттың негізгі басымдылықтары болып табылады. ҰҚШҰ деңгейінде жасалып жатқан іс-шаралар тізімінде 2005 жылы ұйым шеңберінде Заңсыз есірткі айналымымен күресу бойынша мүше-мемлекеттердің өкілетті органдары жетекшілерінің координациялық кеңесінің маңызы зор. Сонымен қатар, ауған есірткі мәселесімен күресте ҰҚШҰ мүше-

мемлекеттерінің басты бағыттарының бірі – аймақтық деңгейде тұрақты түрде өткізілетін есірткіге қарсы операция «Канал». Бұл операция Ауғанстаннан тасымалданатын есірткі арналарын жабудың басты механизмі болып табылады. «Канал» операциясының жыл сайын өткізілуі нәтижесінде есірткі өнімдері тәркіленіп, есірткі арналары жабылуда және есірткінің заңсыз тасымалына қатысты қылмыстық істер қозғалып, есірткінің заңсыз айналымымен айналысатын 200 топтың жұмысы тоқтатылды. 2006 жылы 5 сәуірде БҰҰ ЕҚБ мен ҰҚШҰ арасында Ынтымақтастық жөніндегі Протоколға қол қойылды. Құжат екі ұйымның есірткі контрабандасымен, терроризммен және ұйымдасқан қылмыспен күресудегі ортақ жобаларды жүзеге асыру туралы және ұйым қызметтері жайлы ақпарат алмасуды қарастырады. Ұйым шеңберінде ауған есірткі тасымалымен күресудегі келесі іс-шара – мүше-мемлекеттердің есірткіге қарсы бөлімшелерінің және ішкі істер органдарының жылдам әрекет ету күштерін жедел-тактикалық оқытуға арналған «Гром» деп аталатын алғашқы аймақтық деңгейдегі бағдарлама.

«Канал» және «Гром» операцияларының нәтижесі бойынша, Ауғанстан ішкі әлеуметтік-экономикалық және басқа да мәселелердің ушығуынан бастапқы кезде бұл операцияға қатыспаған болатын. Уақыт өте келе, ҰҚШҰ мүше-мемлекеттерінің саяси жетекшілігінің қолдауымен 2014 жылы бақылаушы ретінде қатысуы мемлекеттің есірткі тасымалымен күрестегі іс-әрекетін бір қадам болса да алдыға жылжытты. 2014 жылы ҰҚШҰ мүше-мемлекеттерінің өкілетті органдары жетекшілерінің координациялық кеңесі мен Ауғанстанның есірткімен күрес бойынша Министрлігі Өзара түсіністік пен ынтымақтастық Меморандумы негізінде жұмыс жасайтын болды. Меморандумға қол қою арқылы Ауғанстанның есірткіге қарсы құрылымдары ҰҚШҰ шеңберінде өткізілетін операцияларға қатысуға мүмкіндік алды. «Канал» операцияларының нәтижелері есірткі тасымалының қауіпті қатер екенін тағы да дәлелдеп, ҰҚШҰ мүше-мемлекеттерінің өкілетті органдарының ауған есірткі тасымалымен күрестегі өзара әрекеттестігін бекіте түсті. 2014 жылы 23 желтоқсанда ҰҚШҰ мүше-мемлекеттері 2015-2020 жылдарға арналған есірткіге қарсы стратегияны бекітті. Қазіргі таңда есірткі мәселесімен күрестегі басты іс-шаралар аталған стратегия негізінде жүзеге асырылуда (Организация Договора о коллективной безопасности).

ШЫҰ-ның есірткі мәселесіне қатысты аймақ қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі басым-

дылықтары халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық негізінде жүзеге асады. 2011 жылдың 15 маусымында ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің басшылары есірткі және оның прекурсорларының заңсыз айналымымен бірлесе отырып күресу нәтижелі болатынын негізге ала отырып, «ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің 2011-2016 жылдарға арналған есірткіге қарсы стратегиясын» қабылдады. Стратегияның басты мақсаты – 2017 жылға қарай есірткінің және оның прекурсорларының заңсыз айналымын және мүше-мемлекеттер территориясында есірткінің медициналық емес мақсатта қолданылуын түбегейлі қысқарту. Стратегия тараптардың есірткіден төнетін қауіпке қарсы күресудегі келісілген тәсілдерін және есірткінің және оның прекурсорларының заңсыз айналымымен күресетін ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің өкілетті органдары арасындағы ынтымақтастықтың басты бағыттарын анықтайды. Сонымен қатар, тараптардың есірткінің заңсыз айналымын және медициналық емес мақсатта қолданылуын шектеу бойынша өзара әрекеттестігін жетілдіреді. Стратегияның қабылдануы ШЫҰ-ға мүше-мемлекеттердің есірткімен күресуде жасап жатқан жұмыстарының жаңа сатыға көтерілгенін көрсетеді.

2017 жылдың сәуір айында Астана қаласында ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің кездесуі өтті. Кездесу барысында тараптар Ауғанстандағы қақтығысушы тараптар арасындағы қарымқатынасты реттеуге байланысты және есірткі өндірісіне қатысты мәселелерді талқылады. Сонымен қатар, ауғандық тараптан есірткі тасымалының артуы ШЫҰ мүше-мемлекеттеріне экономикалық тұрғыдан қауіп төндіреді. Экономиканың қараңғы секторының дамуына, жемқорлықтың ұлғаюына, басқару құрылымдарының қадағалау төмендеуіне және халықтың өндірістік-экономикалық тұрғыдан деградацияға ұшырауына әсер етеді. Бұл демографиялық және саяси қауіпсіздікке төнетін қатерлер.

2018 жылы 25 мамырда Пекин қаласында ШЫҰ мүше-мемлекеттері Жоғарғы сот өкілдерінің XIII Отырысы өтті. Отырыс барысында Жоғарғы сот өкілдері лаңкестік, экстремизм, сепаратизм, есірткі тасымалы, ақшаның ағылуы сияқты қауіпсіздікке қатер төндіретін мәселелермен күресте ынтымақтастықты нығайтуға дайын екендіктерін білдірді. Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тараптар іс-шаралар ұйымдастыруға келісті.

Ауған есірткі мәселесімен күресте аймақтық ұйымдар бірқатар жетістіктерге жетті. ҰҚШҰ-ның аймақ мемлекеттері территориясында

жүргізілген операциялары нәтижесінде заңсыз айналымнан есірткі өнімдерінің ауқымды бөлігі тәркіленіп, миллиондаған тұрғынды есірткі тәуелділігінен құтқарды және Ресейге тасымалданатын есірткі өнімдеріне тосқауыл болды. ШЫҰ деңгейінде есірткіге қарсы күрес бойынша қабылданған стратегиялар шеңберінде іс-шаралар, кездесулер жүзеге асырылуда. Есірткі мәселесі аймақ қауіпсіздігіне әсер ететіндіктен, аймақтық деңгейде әрекет ету әрқашан тиімді болады (The Shanghai cooperation organization).

Есірткінің заңсыз тасымалы және оның шамадан тыс қолданылуы Қазақстанның да ұлттық қауіпсіздігіне әсер ететін фактор. Қазіргі таңда Қазақстан заңсыз есірткі тасымалы мәселесін мемлекет дамуына төнетін қауіп ретінде қарастырып, есірткі саудасымен күресті ішкі және сыртқы саясат басымдылықтарының бірі ретінде бекітті.

Қазақстанда соңғы 15 жыл көлемінде заңсыз есірткі тасымалының артуына, есірткінің медициналық емес мақсатта қолданылуына бірнеше факторлар әсер етті. Біріншіден, географиялық орналасуы жағынан және транспорттық инфрақұрылымның дамуы әсерінен мемлекет Ауғанстаннан Ресейге және Еуропа елдеріне тасымалданатын заңсыз есірткі транзитінің дәлізіне айналды. Екіншіден, Қазақстанда есірткінің каннабистік тобының (марихуана және гашиш) жеке шикізат базасының болуы. Шу алқабында 140 мың га аумақты жабайы қарасора алқабы алып жатыр және Қазақстанда жыл сайын қарасорадан өндірілетін марихуана мен гашиштың көлемі тұрақты түрде 20-23 т-ны құрайды. Үшіншіден, ішкі «қара нарықта» есірткінің «жеңіл» түрлеріне қарағанда, «ауыр» түріне деген сұраныстың артуы. Есірткі тұтынушылардың 65 %-ы «ауыр» түрдегі есірткі өнімдерін пайдаланады.

«Соңғы жүзжылдықтағы есірткі жағдайының ушыққанын барлығымыз мойындауға тиіспіз. Химиялық препараттан бастап, тұлғаның моральдық-физикалық денсаулығына әсер ете отырып, көптеген мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігіне әлеуметтік-қоғамдық қатер төндіретін мәселеге айналды. Есірткі саудасы өз заңдары бар және құрылымы бекітілген мемлекет ішіндегі мемлекет болып саналады. Есірткі құралдарының таралуымен және нашарлықпен күрестің қазіргі таңдағы жағдайы ұлттық деңгейде ғана емес, халықаралық маңызға ие бастама. Қазақстанда қоғамның азаматтық жағдайына, әлеуметтік ілгерілеуге және экономикалық дамуға әсер ететін әлеуметтік маңызы бар мәселе болып саналады» – деп Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев

атап өтіп, Қазақстанның есірткі тасымалымен күрестегі басым бағыттарын бекітті (Назарбаев Н.А., 2003: 114)

Қазіргі таңда есірткі тасымалындағы басты мәселе Қазақстан территориясына есірткінің осы уақытқа дейін тасымалданған оңтүстік бағыт арқылы емес, Иран, Кавказ республикалары, Каспий арқылы тасымалдануы алаңдаушылық туғызуда. Есірткі нарығында синтетикалық есірткі өнімдерінің артуы есірткіге қарсы күрестің жаңа жүйесін қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстандағы есірткі мәселесіне жүргізілген талдаулар есірткімен күрестегі іс-шаралардың әлсіз тұстарын анықтауға мүмкіндік береді. Заңсыз есірткі тасымалымен күрес жүргізетін арнайы мекемелер жұмысының нәтижесіз болуы, есірткінің шикізат базасын жоюдағы іс-шаралардың жеткіліксіздігі, есірткіге тәуелді адамдардың әлеуметтік-психологиялық оңалту жүйесін дамытудың артта қалуы есірткіге қарсы күресті маңызды орынға шығарады. Шекаралардағы бақылаудың әлсіздігі, «көлеңкелі есірткі саудасы» деңгейінің артуы, есірткіге тәуелділіктің артуы, есірткіге қатысы бар халықаралық қылмыстық топтардың Қазақстан территориясын есірткі транзитіне айналдыруы мемлекеттің есірткі тасымалымен күресте тиімді іс-әрекет жасауына негіз болады. Дегенмен, Қазақстан Республикасының есірткі мәселесімен күрес саласындағы іс-шаралары бірқатар жетістіктерге жетті. Біріншіден, есірткіге қарсы күресте халықаралық ынтымақтастық шеңберіндегі іс-шаралардың мемлекет территориясында жүзеге асырылуы, екіншіден, Қазақстанда ұлттық есірткіге қарсы заңнамалық және нормативтік-құқықтық база қалыптасып, стратегиялық бағдарламалар қабылданып, жүзеге асырылуы, үшіншіден, есірткі тасымалымен күресте ұлттық құрылымдық жүйе қалыптасып, жұмыс жасауы мемлекеттің есірткі тасымалымен күрестегі іс-шараларының нәтижелі болуына септігін тигізеді.

### Қорытынды

Қазіргі таңда заңсыз есірткі тасымалы мемлекеттік, аймақтық және халықаралық

деңгейде маңызы бар мәселеге айналды. Ауған дағдарысының негізі болған есірткі өндірісі дамуының алғышарттары мемлекетте 1970-1980 жылдарда орын алған оқиғалармен тығыз байланысты. Есірткі алқаптарының және өнім мөлшерінің жыл сайын артуы алаңдаушылық туғызуда. Ауған есірткі өндірісі дамуының себептері мемлекеттегі әскери қозғалыстардан басталып, халықаралық күштердің іс-әрекетімен жалғасады. Ал, есірткі өндірісін, тасымалын және саудасын қысқарту үшін, алдымен есірткіге деген сұранысты төмендету қажет. Ауғанстанда орын алған жағдай заңсыз есірткі өндірісімен және тасымалымен күресуде ешқандай нәтиже көрсетпеді. Есірткі өндірісі мәселесі – бұл Ауғанстан экономикасының әлсіз тұсы және мемлекеттің экономикалық дамуы реттелгенде ғана бұл сұрақ өз шешімін табуы мүмкін. Ауған есірткі өндірісі аймақтық қауіпсіздіктің қатері ретінде Орталық Азия мемлекеттерінің ұлттық қауіпсіздігіне және аймақтық қауіпсіздікке айтарлықтай зиян келтіретін мәселе. Есірткі тасымалымен күрес аймақ мемлекеттері бірлескен іс-шаралар жүргізгенде ғана нәтижеге жетуі мүмкін. Сонымен қатар, аймақтың шекара мәселесін реттеу, нашакорлықты емдеуге қатысты іс-шаралар жүргізу және халықаралық есірткіге қарсы бағдарламаларға белсенді қатысу есірткі мәселесімен күрестің нәтижелі болуына ықпалын тигізеді. Аймақ деңгейінде жұмыс жасайтын ұйымдар іс-шаралары нәтижесінде заңсыз айналымнан есірткі өнімдерінің ауқымды бөлігі тәркіленіп, миллиондаған тұрғынды есірткі тәуелділігінен құтқарды. Есірткіге қарсы күрес бойынша қабылданған стратегиялар шеңберінде іс-шаралар, кездесулер жүзеге асырылуда.

Заңсыз есірткі өндірісімен, тасымалымен және саудасымен күрес халықаралық қауымдастықтың назарын аударып отырған мәселе. Есірткінің заңсыз саудасының қазіргі таңдағы жағдайы тек Ауғанстан үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін төнген қауіп болып саналады. Сұраныс болған жағдайда, есірткі өндірісі әрқашан даму үстінде болады. Сол себепті, есірткі тасымалымен күрес нәтижелі болуы үшін бір ғана мемлекет емес, халықаралық, аймақтық ұйымдар, басқа да мемлекеттер бірлесе әрекет етуі қажет.

### Әдебиеттер

- Afghanistan Opium Survey 2017. Cultivation and Production // URL: [https://www.unodc.org/documents/cropmonitoring/Afghanistan/Afghan\\_opium\\_survey\\_2017\\_cult\\_prod\\_web.pdf](https://www.unodc.org/documents/cropmonitoring/Afghanistan/Afghan_opium_survey_2017_cult_prod_web.pdf).
- Caspian Sea and Turkmen Border Initiatives (work in progress), UNODC Regional Office for Central Asia // URL: [https://www.unodc.org/documents/afghanistan/Rainbow\\_Strategy/Violet\\_paper\\_6\\_Jan\\_2012.pdf](https://www.unodc.org/documents/afghanistan/Rainbow_Strategy/Violet_paper_6_Jan_2012.pdf)
- Drug Use in Afghanistan: 2009 Survey. Executive Summary. Vienna: UNODC, 2010. // <https://www.unodc.org/documents/data-and-analysis/Studies/Afghan-Drug-Survey-2009-Executive-Summary-web.pdf>
- Kego W., Hedlund M. Europe and Afghan Heroin // URL: [http://isdpeu.eu/content/uploads/publications/2011\\_kego-hedlund\\_europe-and-afghan-heroin.pdf](http://isdpeu.eu/content/uploads/publications/2011_kego-hedlund_europe-and-afghan-heroin.pdf)
- Maley W. Talking to the Taliban 11 World today. L., 2007. Vol. 63. №11.
- Olcott M.B., Udalova N. Drug Trafficking on the Great Silk Road: The Security Environment in Central Asia // URL: <https://carnegieendowment.org/files/drugs.pdf>
- Rubin B. R. The Political Economy of War and Peace in Afghanistan / B. R. Rubin // World Development. 2000. – Vol. 28, № 20. – P. 1789-1803.
- Sedra M. Afghanistan: Between War and Reconstruction. Bonn, 2002. 93.SedraM. Lessons from Afghanistan. Yale, 2002.
- The Shanghai cooperation organisation // <http://eng.sectso.org/>
- Абдуллаев К. «Варлорды» и реконструкция Афганистана // Афганистан и безопасность Центральной Азии. Вып. 1 / Под ред. А.А. Князева. – Бишкек: Илим, 2004. – 166 с.
- Акимбеков С.М. История Афганистана. – Астана – Алматы: ИМЭП при Фонде Первого Президента, 2015. – 848 с.
- Афганский наркотрафик: состояние границ Афганистана Совместная российско-американская рабочая группа по афганскому наркотрафику // URL: <https://www.eastwest.ngo/sites/default/files/ideas-files/Afghanistan%27s%20Border%20s.pdf>
- Жмуйда И., Морозова М. «Золотой полумесяц» и Центральная Азия: основные потоки героиновой экспансии // <http://www.ca-c.org/journal/rus-04-2002/07.jmuprimru.shtml>
- Зеличенко А. История афганской наркоэкспансии 1990-х. // URL: [http://www.gumer.info/bibliotek\\_Buks/History/zelich/01.php](http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/History/zelich/01.php)
- Инфографика по официальным данным ЦАРИКЦ за 2016-2017 гг. // URL: <http://www.caricc.org/index.php/ru/infografika/po-ofitsialnym-dannym>
- Искандаров К., Назаров Н. Наркоситуация в Афганистане и ее влияние на безопасность Республики Таджикистан // Афганистан и безопасность Центральной Азии. Вып. 1/Под ред. А.А. Князева. – Бишкек: Илим, 2004. – 166 с.
- Князев А.А. К истории и современному состоянию производства в Афганистане и их распространения в Центральной Азии. – Бишкек: Илим, 2003 – 246 с.
- Князев А.А. Необходимость поиска новых парадигм на афганском векторе // Афганистан и безопасность Центральной Азии. Вып. 4 / Под ред. А.А. Князева. – Бишкек, 2010. – 159 с.
- Коргун В.Г. Ситуация в Афганистане: перспективы развития // Афганистан и безопасность Центральной Азии. Вып. 3 / Под ред. А.А. Князева. – Бишкек–Душанбе, 2006. – 350 с.
- Кулагин А.И. Афганский наркотрафик – угрозы для России и Европы // URL: <https://scientificmagazine.ru/images/PDF/2016/7/afganskij-narkotrifik-ugrozy-dlya-rossii-i-evropy.pdf>
- Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. – Алматы: Атамұра, 2003. – 240 с.
- Об УНП ООН // <http://www.unodc.org/unodc/about-unodc/index.html?ref=menutop>
- Организация Договора о коллективной безопасности // <http://www.odkb-csto.org/>
- Пластун В.Н. Новые тенденции в развитии ситуации в центральноазиатском регионе к концу 2004 г. // Афганистан и безопасность Центральной Азии. Вып.1 / Под ред. А.А. Князева. – Бишкек: Илим, 2004. – 166 с.
- Смагулов А.Д. Афганистан. Опыт восстановления и реконструкции, 2001-2009 годы. – Кабул: «Нури», 2010. – 502 с.

### References

- Abdullaev K. «Varlordy» i rekonstrukciya Afganistana // Afganistan i bezopasnost' Central'noj Azii. Vyp. 1. Pod red. A.A. Knyazeva. – Bishkek: Ilim, 2004. – 166 с.
- Afganskij narkotrifik: sostoyanie granic Afganistana Sovmestnaya rossijsko-amerikanskaya rabochaya gruppy po afganskomu narkotrifiku // URL: <https://www.eastwest.ngo/sites/default/files/ideas-files/Afghanistan%27s%20Border%20s.pdf>
- Afghanistan Opium Survey 2017. Cultivation and Production // URL: [https://www.unodc.org/documents/cropmonitoring/Afghanistan/Afghan\\_opium\\_survey\\_2017\\_cult\\_prod\\_web.pdf](https://www.unodc.org/documents/cropmonitoring/Afghanistan/Afghan_opium_survey_2017_cult_prod_web.pdf).
- Akimbekov S.M. Istoriya Afganistana. – Astana – Almaty: IMEHP pri Fonde Pervogo Prezidenta, 2015. – 848 с.
- Caspian Sea and Turkmen Border Initiatives (work in progress), UNODC Regional Office for Central Asia // URL: [https://www.unodc.org/documents/afghanistan/Rainbow\\_Strategy/Violet\\_paper\\_6\\_Jan\\_2012.pdf](https://www.unodc.org/documents/afghanistan/Rainbow_Strategy/Violet_paper_6_Jan_2012.pdf)
- Drug Use in Afghanistan: 2009 Survey. Executive Summary. Vienna: UNODC, 2010. // <https://www.unodc.org/documents/data-and-analysis/Studies/Afghan-Drug-Survey-2009-Executive-Summary-web.pdf>
- Infografika po oficial'nyy dannyym CARIKC za 2016-2017 gg. // URL: <http://www.caricc.org/index.php/ru/infografika/po-ofitsialnym-dannym>
- Iskandarov K., Nazarov N. Narkosituaciya v Afganistane i ee vliyanie na bezopasnost' Respubliki Tadjhikistan // Afganistan i bezopasnost' Central'noj Azii. Vyp. 1/Под ред. А.А. Князева. – Bishkek: Ilim, 2004. – 166 с.

- Kego W., Hedlund M. Europe and Afghan Heroin // URL: [http://isdp.eu /content/uploads/publications/2011\\_kego-hedlund\\_europe-and-afghan-heroin.pdf](http://isdp.eu/content/uploads/publications/2011_kego-hedlund_europe-and-afghan-heroin.pdf)
- Knyazev A.A. K istorii i sovremennomu sostoyaniyu proizvodstva v Afganistane i ih rasprostraneniya v Central'noj Azii. Bishkek: Ilim, 2003 – 246 s.
- Knyazev A.A. Neobhodimost' poiska novyh paradig na afganskom vektore // Afganistan i bezopasnost' Central'noj Azii. Vyp. 4. Pod red. A.A. Knyazeva. – Bishkek, 2010. – 159 s.
- Korgun V.G. Situaciya v Afganistane: perspektivy razvitiya // Afganistan i bezopasnost' Central'noj Azii. Vyp. 3. Pod red. A.A. Knyazeva. – Bishkek–Dushanbe, 2006. – 350 s..
- Kulagin A.I. Afganskij narkotrafik – ugrozy dlya Rossii i Evropy // URL: <https://scientificmagazine.ru/images/PDF/2016/7/afganskij-narkotr-afik-ugrozy-dlya-rossii-i-evropy.pdf>
- Maley W. Talking to the Taliban 11 World today. L., 2007. Vol. 63. №11.
- Nazarbaev N.A. Kriticheskoe desyatiletie. – Almaty: Atamyra, 2003. 240 s.
- Ob UNP OON // <http://www.unodc.org/unodc/about-unodc/index.html?ref=menutop>
- Olcott M.B., Udalova N. Drug Trafficking on the Great Silk Road: The Security Environment in Central Asia // URL: <https://carnegieendowment.org/files/drugs.pdf>
- Organizaciya Dogovora o kollektivnoj bezopasnosti // <http://www.odkb-csto.org/>
- Plastun V.N. Novye tendencii v razvitiu situacii v central'noaziatskom regione k koncu 2004 g. // Afganistan i bezopasnost' Central'noj Azii. Vyp.1. Pod red. A.A. Knyazeva. – Bishkek: Ilim, 2004. – 166 s.
- Rubin B. The Fragmentation of Afghanistan. State Formation and Collapse in the International System / B. Rubin. New Haven: Yale University Press, 2002. -420 p.
- Sedra M. Afghanistan: Between War and Reconstruction. Bonn, 2002. 93.SedraM. Lessons from Afghanistan. Yale, 2002.
- Smagulov A.D. Afganistan. Opyt vosstanovleniya i rekonstrukcii, 2001-2009 gody Kabul: «Nuri», 2010. – 502 s.
- The Shanghai cooperation organisation // <http://eng.sectesco.org/>
- Zelichenko A. Istoriya afganskoj narkoehkspansii 1990-h. // URL: [http:// www.gumer.info/bibliotek\\_Buks/History/zelich/01.php](http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/History/zelich/01.php)
- ZHmujda I., Morozova M. «Zolotoj polumesyac» i Central'naya Aziya: osnovnye potoki geroinovoj ehkspansii // <http://www.ca-c.org/journal/rus-04-2002/07.jmuprimru.shtml>